

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Қоянға арналған үй

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.04.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/72652/>**Ф.И.О : Саламатова Аягүл Аманжанқызы****Облысы: Ақтөбе****Қаласы: Ақтөбе****«Ертөстік» МДҰ****Қызметі: Тәрбиеші****Тақырыбы: «Қоянға арналған үй».****Білім беру саласы: Шығармашылық****Бөлімі: Апликация****Тақырыбы: «Қоянға арналған үй»**

**Мақсаты:** Отбасы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету; техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру; шаршымен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру. Қайырымдылыққа тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

*Білім беру:* Балаларды дайын формалармен жұмыс істеуге үйрету, оларды белгілі бір ретпен жабыстыру қабілетін қалыптастыру. Қайшыны ұстап қағаз жолақтарын дұрыс қиюды үйрету.

*Дамытушылық:* Қиял, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Желімді қолданғанда дәлдікті дамыту.

*Тәрбиелік:* балалардың аппликацияға қызығушылықтарын арттыру, әдемі бейнені жасауға деген ынтасын ояту. Балалардың жауапкершілік сезімін ояту, кейіпкерге деген жанашырлық ықыласын арттыру.

**Әдіс-тәсілдер:** ауызша, көрнекі, әңгімелеу.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** отбасының суреттері, қоян (қуыршақ театры), түрлі-түсті қағаздан жапсырмалар, қайшы, желім, қағаз парағы,

### **Мотивациялық- қозғаушылық**

— Қайырлы күн, менің сүйікті балаларым! Бүгін біз үшін өте ерекше, әрі әсерлі сабақ. Бүгін бізге қонақтар келіп отыр.

### **Шаттық шеңбері:**

Үлкенге де – Сіз!

Кішіге де — Сіз!

Құрметпенен сіздерге бас иеміз біз!

— Олай болса бәріміз тақтаға назар аударайықшы.

Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсыңдар? (ата, әже, әке, ана, аға, апа)

Мына суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай атай аласыңдар? (отбасы)

— Иә, дұрыс айтасыңдар бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір — біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз. Балалар біздер отбасыларымызбен қайда тұрамыз? (үйде). –Дұрыс айтасыңдар, әр адамның өзінің үйі болады.

### **Ғажайып сәт**

**Тәрбиеші:** ой балалар мен сендерге айтуға ұмытып бара жатырмын, «Бүгін мен балабақшаға келе жатырғанда, біреудің жылағанын естідім. Мен жолда кішкентай жануарды көрдім, ол қатты жылады. Мен оны аяп, дала қатты суық болғандықтан, біздің балабақшаға, біздің топқа алып келдім. Енді мен сендерге бұл жануарды жұмбақтап айтайын, сендер біздің балабақшаға қандай жануар келгенін тауып көріңдер».

Өзі сондай қорқақ, ұзын құлақты, сәбіз жегенді жақсы көреді. Бұл қандай жануар? (қоян)

Дұрыс айтасыңдар)

### **Қуыршақ тетры Қоян:**

Балабақша жылы екен, өте әдемі екен, маған ұнайды.

**Тәрбиеші:** қоянжан саған балабақша ұнаса, қалуыңа болады. Балалар қоян балабақшада қалса болады ма? (ияя)

**Қоян:** сендер кешкі уақыт өз үйлеріңе кетесіңдер емеспе, мен қорқамын, сондықтан мен қала аламаймын. Өз үйім болсағой.

**Тәрбиеші:** балалар маған бір ой келді, қоянға үй жасап берейік, үй жасап беремізбе?!

Қағаздан үй жасау. Балалардың өзіндік жұмыстары. (Тәрбиешінің түсіндіруі арқылы)

-Балалар мынау қандай пішін (үшбұрыш). Үшбұрыш үйдің шатыры болады, көне барлығымыз қайшымызды алып үшбұрышты қиямыз.

*(Қауіпсіздік ережесін түсіндіру)*

-Енді мынау қандай пішін (төртбұрыш), төртбұрыш үйдің қабырғасы болады, көне үйдің қабырғасын қағазға жапсырайық, енді үйдің шатырын жапсырайық. Балалар не жетіспей тұр (есігі, терезесі). Дұрыс айтасыңдар. Жұмыстарын аяқтау.

### **Сергіту сәті:**

Ұзын құлақ сұр қоян  
Естіп қалып сыбдырды,  
Ойлы-қырлы жерлермен  
Ытқып-ытқып жүгірді.

Қарап еді артына  
Қиығын сап көзінің,  
Келе жатқан томпаңдап,  
Көжегі екен өзінің. (қимылмен)

**Тәрбиеші:** Қоянжан саған арналған үйіміз дайын болды.

**Қоян:** қандай керемет, рахмет сендерге, енді менің әдемі, әрі жылы үйім бар. Өз үйіме кірейін, Сау болыңдар балалар!

**Ойын:** «Өз үйіңді тап».

**Мақсаты:** Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту.

**Шарты:** балаларға түрлі түсті үшбұрыштар тарату, шеңберге жиналып музыка

әуенімен билеу, әуен тоқтаған кезде, қолдарындағы үшбұрыштың түсіне байланысты үйлердің қасына бару.

### Қорытынды

Балалар бүгін біз не жасадық? (үй)

Неден жасадық? (қағаздан)

Кімге арнап жасадық? (қоянға)

Дұрыс айтасыңдар қоян тоңмасын, қорықпасын, қоянның да өз үйі болсын деп үй жасап бердік. Себебі барлық жанда үй болуы тиіс, сендерде үй барғой яяя (ия), үйде кімдермен тұрасыңдар: (ана, әке, ата, әже, аға және т.б). Дұрыс айтасыңдар яғни отбасылырыңмен тұрасыңдар.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.